



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаты  
Д.Қ. Мыңбайға*2021 жылғы 2 маусымдағы № ДС-199 хатыңызға***Құрметті Дархан Қамзабекұлы!**

Сіздің таулы жерлерде туристердің қауіпсіздігі шараларын қабылдауға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

*1. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі және Мәдениет және спорт министрліктері интеграцияланған туристік навигация қосымшасын әзірлесін және оны басым туристік аймақтардың үздік ондығының бірінде (Алматы өңірінің тау кластері, Түркістан өңірі, Нұр-Сұлтан қаласы) пилоттық жоба ретінде іске қоссын.*

Бүгінгі таңда тауға шығу үшін смарт-ассистент бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу жұмыстары белсенді жүргізілуде және осы жылдың соңына дейін Алматы қаласында енгізу жоспарлануда. Бұл қосымшада келесі функциялар болады:

- Қауіпсіз трекинг тізімінен маршрутты таңдау мүмкіндігін беру;
- Гид қызметін пайдалану немесе тауға шығуды жоспарлаған топқа қосылу мүмкіндігі;
- Маршрутты және пайдаланушының байланыстарын тіркеу, сондай-ақ туыстарымен және құтқару қызметтерімен бөлісу мүмкіндігі;
- Таулы жерлердегі маршруттардың қауіпті учаскелері туралы хабарлама;
- Картада тау саятшыларының орналасқан жерін және радиорелелік дінгектер конструкциясын көрсету (SOS);
- Төтенше жағдайлар құралдары мен мүмкіндіктері туралы кеңестер, пайдаланушының қайту уақытын еске салу және ауа – райының өзгеруі немесе нашарлауы туралы ескерту.

Сонымен қатар, Алматы тау кластерін дамыту аясында соңғы 4 жылда таулы жерлерде 1000 шақырымнан астам жаяу жүру маршруттары цифрландырылды, олардың 500 км абаттандырылды. Маршруттар бойынша

ақпарат «ViewRanger» және «2gis» платформаларында жүктелген және онлайн және офлайн режимде қол жетімді. Барлық маршруттар бойынша ақпараттық қалқандар, стендтер, көрсеткіштер, орындықтар, күркелер орнатылды.

*2. Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазгидромет қарайтын Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, басқа да тиісті қызмет көрсететін мекемелер мен жергілікті атқарушы органдар туристік маршруттарда, демалыс аймақтарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жазатайым жағдайды болғызбау үшін әлеуметтік желілерде, БАҚ арқылы туристік маршруттар бойынша шұғыл ауа-райы болжамы (мысалы, «Метеотурист», «Казметеотур» шартты атауымен) басқа да сақтық шаралары жөнінде алдын ала ескерту, ақпараттық-түсіндіру жүйесін енгізсін.*

«Қазгидромет» РМК күнделікті 12 сағатқа аса қысқа мерзімді ауа райы болжамдарын, 1-3 тәулікке қысқа мерзімді ауа райы болжамдарын, туристік демалыс аймақтары кіретін облыстарға 7 тәулікке орта мерзімді ауа райы болжамдарын, сонымен қатар, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар бойынша, Алматы облысының (Іле Алатауы, Жетісу Алатауы), Жамбыл облысының (Қырғыз Алатауы), Түркістан облысының (Талас Алатауы), Шығыс Қазақстан облысының (Батыс Алтай, Тарбағатай) таулары бойынша мамандандырылған ауа райы болжамдарын шығарады. Барлық ауа райы болжамдары гидродинамикалық модельдер негізінде есептелетін сандық модельдерді қолдану арқылы жасалады.

Қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес Қазгидромет қауіпті, апатты метеорологиялық құбылыстардың және ауа райының күрт өзгеруінің пайда болу қауіпі төнген жағдайда алдын ала уақыты 6 сағат бұрын және одан да ертерек дереу дауылды ескертулер жасайды, барлық мемлекеттік органдарға, облыстар мен қалалардың әкімдіктеріне, оның ішінде Дағдарыстық жағдайларды басқару орталығына және Төтенше жағдайлар департаменттеріне одан әрі шешім қабылдау үшін жедел түрде жіберіледі. Осыдан басқа хабарландыру 112 қызметі, Darmen мобильді қосымшасы, БАҚ арқылы жүзеге асырылады, «Қазгидромет» РМК сайтында, әлеуметтік желілерде орналастырылады.

«Қазгидромет» РМК Гидрометорталығында орталық диспетчерлік қызмет 24/7 жұмыс істейді және халық пен барлық мүдделі тұлғаларды республика бойынша нақты және болжамды ауа райы туралы хабардар етеді.

Барлық метеорологиялық және гидрологиялық ақпарат, дауылды ескертулер мен ауа райы болжамдары «Қазгидромет» РМК ресми сайтында орналастырылады және қолжетімді.

«Қазгидромет» РМК жақын арада ауа райы туралы, оның ішінде туристік аймақтар үшін де өзінің мобильді қосымшасын әзірлеуді жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, халықпен профилактикалық жұмыс жүргізу және судағы қауіпсіздік шаралары туралы ақпаратты жеткізу бұқаралық ақпарат құралдары

арқылы, брифингтер өткізу, радио, теледидар арқылы сөз сөйлеу, плакаттар, буклеттер мен парақшалар тарату жолымен жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Төтенше жағдайлар министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында 77 профилактикалық брифинг өткізді, газеттер мен журналдарда 312 мақала және радио мен теледидарда судағы қауіпсіздік шаралары туралы 729 сөз сөйлеу жарияланды, неғұрлым танымал элеуметтік желілер мен мессенджерлерде осы тақырып бойынша бейнероликтер (барлығы 149 бейнеролик) орналастырылды. Халық арасында 70 мыңнан астам үгіт-насихат өнімдері (парақшалар, жадынамалар, брошюралар) таратылды, су айдындарында 2542 қауіпсіздік белгілері орнатылды.

Бұдан басқа, Алматыдағы таулы жерлерде туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұялы байланыс пен электр беру желілері жоқ туристік маршруттар бағыттар учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу және кешенді жабдығы бар кемінде 10 радиорелелік дінгекке қызмет көрсету жоспарлануда. Аталған радиорелелік дінгектер төтенше жағдай туындаған жағдайда Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментімен байланыс орнататын SOS жерсеріктік кнопкаларымен жабдықталады.

**Е.Тоғжанов**

*орынд.: М.Әмірбеков  
тел.: 74-59-46*